USAID
FROM THE AMERICAN PEOPLE

EURASIAN DIGITAL FOUNDATION

EURASIA FOUNDATION

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ СЫРТҚА ТАРАП КЕТУІ КЕЗІНДЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМАНЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Бұл зерттеу/баяндама Американ халқының Америка Құрама Штаттарының даму агенттігінің (USAID) көмегі арқасында дайындалды. Eurasian Digital Foundation ақпараттың мазмұнына тікелей жауапты, және де ол ақпарат USAID-тың, немесе Америка Құрама Штаттары үкіметінің пікіріне сай келмеуі мүмкін.

КІРІСПЕ

Дербес сипаттағы ақпаратпен байланысты проблемаларды құқықтық реттеуді кешенді қамтамасыз ететін заңнаманы қалыптастыру жөніндегі міндет мемлекеттің неғұрлым күрделі міндеттерінің қатарына жатады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мұндай сыртқа тарап кету салдарын барынша азайту үшін қажетті дербес деректердің сыртқа таралуы кезінде жедел әрекет ету мәселелері заңнамамен реттелмеген, сондай-ақ меншік иесі және (немесе) оператор үшін уәкілетті органды хабардар ету жөніндегі міндеттемелер белгіленбеген. Сонымен қатар, ұлттық тұжырымдамалық аппаратта “сыртқа тарап кету” терминінің анықтамасы жоқ.

Негізінен ұлттық және шетелдік заңнама, оның ішінде Грузияның заңнамалық бастамасы, сондай-ақ олардың сырқа таралуы кезінде дербес деректерді қорғау саласындағы үздік тәжірибелер зерттелді. Қазіргі уақытта Дербес деректер сыртқа тарап кеткен кезде операторды жауапқа тарту механизмі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында дербес деректер операторының жауапкершілік шегін айқындау жөніндегі мәселе өзекті болып қала береді.

Осы құжатты сарапшылар Руслан Дайырбеков пен Елжан Қабышев “Дербес деректерді қорғауды дамыту институты” жобасы шеңберінде АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын “Орталық Азиядағы әлеуметтік инновациялар” бағдарламасы шеңберінде Еуразия Қорының қолдауымен дайындады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Жеке тұлғалардың дербес деректеріне қатысты құқықтарының жиі бұзылуы, мемлекеттік билік органдары мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен мәліметтердің жаппай сыртқа тарап кетуінің бірнеше рет орын алуы отандық заң шығарушыдан барабар жауап талап еткені анық.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңейту дербес деректерді жинау мен сақтаудың, сондай-ақ олармен алмасудың түбегейлі жаңа нысандарын жасауға мүмкіндік берді. Деректерді қорғаудың халықаралық базалық принциптері, соның ішінде төмендегілер бойынша міндеттемелер әзірленді

- жеке ақпаратты әділ және заңды түрде алу;
- оны пайдалану аясын бастапқыда белгіленген мақсатпен шектеу; оны өңдеудің тиісті, сәйкес және шамадан тыс емес сипатқа ие болуын қамтамасыз ету;
- оның дәлдігін қамтамасыз ету;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- оған қажеттілік болмаған жағдайда оны жою;
- Жеке тұлғаларға олар туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығын және оған түзетулер енгізу туралы өтініш жасау құқығын беру.

Адамдар құқықтары бойынша комитет өзінің жалпы тәртіптегі №16 ескертуінде жоғарыда аталған қағидаттар жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығына жататынын, бірақ деректерді қорғау адамның жеке құқығы ретінде де ерекшелене бастағанын анық көрсетті.

Осы қағидаттардың мақсаты мен мазмұнын ескере отырып, жеке деректердің сыртқа тарап кету тақырыбына қатысты оларды бірнеше топқа біріктіруге болады:

- деректер субъектілерінің құқықтарын анықтау;
- дербес деректерді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің міндеттемелерін анықтау.

Ұсынылған жіктеуге сәйкес қағидаттардың бірінші тобына жеке деректер субъектілерінің құқықтарын анықтайтын принциптер кіреді. Біріншіден, дербес деректерді өңдеудің заңдылық критерийлеріне сүйене отырып, бұл деректер субъектісінің ол туралы ақпаратты жинауға және өңдеуге келісу қағидаты. Екіншіден, дербес деректермен жұмыс істеуге қатысты ашықтық саясаты мен практикасы негізінде бұл деректер субъектілерінің ол туралы деректер базасының бар екендігі туралы; осындай базаның негізгі мақсаттары туралы; деректерді өңдеуді қамтамасыз ететін орган (лауазымды тұлға, заңды тұлға) туралы; деректерді алу көзі туралы; пайдаланылатын деректер санаты туралы; оны берген жағдайда оның деректерін алушылар туралы хабардар болу құқықтарын бекітетін қағидаттар. Үшіншіден, деректер субъектісінің жеке деректерімен жұмыс істеуге жеке қатысу құқығын қамтамасыз етуге негізделген қағидаттар. Бұл деректер субъектісінің өз деректеріне қол жеткізу құқықтарының кепілдіктерін белгілейтін қағидаттар.

Қағидаттардың келесі тобы дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге қатысты.
28 қаңтар 1981 жылғы №108
Еуропо Одағының “Жеке сипаттағы деректерді автоматтандырылған өңдеуге қатысты жеке тұлғаларды қорғау туралы” Конвенция, конвенцияны ратификациялаған мемлекеттердің Конвенцияда көзделген деректерді қорғаудың негізгі қағидаттары ұлттық құқықта іске асырылуы үшін қажетті шаралар қабылдау міндеттерін белгілейтін бірнеше нормаларды бекітеді. Европалық Парламент пен Европа Кеңесінің 95/46/ЕС “Дербес деректерді өңдеу қатынастарындағы жеке тұлғаны қорғау және осы деректердің еркін айналымы туралы” директивасы дербес деректерді өңдеудің құпиялылық қағидатын белгілей отырып, Конвенцияның ережелерін дамытады.

Халықаралық құқық жеке тұлғаның деректерді заңсыз пайдаланған жағдайда көмекке жүгіну құқығын, сондай-ақ белгілі бір жағдайларда деректерді пайдалануға тыйым салу құқығын бекітеді.

Өкінішке орай, дербес деректер субъектісінің оның дербес деректерімен жеке қатысу құқығын қамтамасыз етуге құқықтарының кепілдіктерін белгілейтін қағидатты отандық заң шығарушылар одан әрі терең пысықтауын қажет ететіндігін атап өткен жөн.

Суммируя вышесказанное в нижеследующей таблице можно сравнить какие международные стандарты защиты персональных данных в случае их утечек реализованы в Законе “О песональных данных и их защите”(“О ПДиЗ”), а какие – нет.

Сравнение стандарта защиты права человека, закрепленного в международном праве, со стандартом этой защиты, определенным в Законе “О ПДиЗ”.

Дербес деректермен жұмыс істеудің халықаралық қағидаттары	"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңның ережелері
Деректер субъектісінің ол туралы ақпаратты жинауға және өңдеуге келісу қағидаты	Бұл қағида 7-бапта қамтылған, оған сәйкес “ДДжҚ туралы” Заңның 9-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, меншік иесі және (немесе) оператор субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен дербес деректерді жинауды, өңдеуді жүзеге асырады. Заңның 9-бабына сәйкес өңдеу келесі жағдайларда келісімсіз жүзеге асырылады: • мемлекеттік органдардың қызметті жүзеге асыруы (1, 2, 3, 9, 9-1, 9-2 тармақтар); • халықаралық шарттарды іске асыру (4-т.); • конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қорғау (5-т.); • БАҚ қызметін жүзеге асыру (6-т.); • бизнес-серіктестер тізілімін жасау (9-3 т.) • өзге заңдардың талаптары болған жағдайда (7, 8 және 10-т.).
Деректер субъектілерінің ол туралы мәліметтер базасының бар екендігі туралы хабардар болу құқығын бекітетін қағидат	Заңның 24-бабы дербес деректер субъектісінің меншік иесінде және (немесе) операторда, сондай-ақ үшінші тұлғада өз дербес деректерінің болуы туралы білуге, сондай-ақ: 1. дербес деректерді жинау және өңдеу фактісін, мақсаттарын, көздерін, тәсілдерін растауды; 2. дербес деректердің тізбесін; 3. дербес деректерді өңдеу мерзімдерін, оның ішінде оларды сақтау мерзімдерін қамтитын ақпаратты алу құқығын айқындайды. Заңның 25-бабы меншік иесінің және (немесе) оператордың субъектіге қатысты ақпаратты субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтінішін алған күннен бастап заңда белгіленген мерзімдерде хабарлау міндетін белгілейді.

Дербес деректердің дұрыстығы қағидаты (дұрыс емес деректерді түзету немесе оларды заңсыз, негізсіз немесе дәл тіркемеген жағдайда жою құқығы)	Сенімділік қағидаты 13-бапта белгіленген: *“дербес деректерді өзгертуді және толықтыруды меншік иесі және (немесе) оператор субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтініш жасауы (сұрау салуы) негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырады”.* Заңның 25-бабы меншік иесінің және (немесе) оператордың бір жұмыс күні ішінде: *“дербес деректердің анықтығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде өзгерту және (немесе) толықтыру немесе оларды өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған кезде дербес деректерді жою” міндетін айқындайды.* 24-баптың 1-т. 2) тармақшасында *“Субъект меншік иесінен және (немесе) оператордан тиісті құжаттармен расталған негіздер болған кезде өзінің дербес деректерін өзгертуді және толықтыруды талап етуге құқылы” делінген.*
Деректерді сақтау мерзімі қағидаты	Заңның 12-бабында дербес деректерді сақтауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға Қазақстан Республикасының аумағында сақталатын базада жүзеге асыратыны айтылған. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, дербес деректерді сақтау мерзімі оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу күнімен айқындалады.
Деректер субъектісінің өз деректеріне қол жеткізу құқықтарының кепілдіктерін белгілейтін қағидат	10-бапқа сәйкес егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, дербес деректерге қол жеткізу субъектінің немесе оның заңды өкілінің меншік иесіне және (немесе) операторға оларды жинауға, өңдеуге берген келісімінің шарттарымен айқындалады. Егер меншік иесі және (немесе) оператор және (немесе) үшінші тұлға осы Заңның талаптарын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді өзіне алудан бас тартса немесе оларды қамтамасыз ете алмаса, дербес деректерге қол жеткізуге тыйым салынуға тиіс. 21-бапқа сәйкес дербес деректерді қорғау оларға қол жеткізу құқығын іске асыру мақсатында (басқалармен қатар) шаралар кешенін, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Заңның 25-бабы меншік иесінің және (немесе) оператордың субъектіге қатысты ақпаратты субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтінішін алған күннен бастап заңда көзделген мерзімдерде хабарлау міндетін айқындайды.

Деректер субъектісінің оның дербес деректерімен жұмыс істеуге жеке қатысу құқығын қамтамасыз етуге негізделген қағидат	Заңның 25-бабының 8-тармағы меншік иесінің және (немесе) операторлардың бір жұмыс күні ішінде: • дербес деректердің анықтығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде оларды өзгертуге және (немесе) толықтыруға немесе оларды өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған кезде дербес деректерді жою; • оларды жинау, өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, субъектіге қатысы бар дербес деректерді бұғаттау; • оларды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жинау, өңдеу фактісі расталған жағдайда, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда оларды жою; • дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарын бұзу фактісі расталмаған жағдайда, дербес деректерді бұғаттауды алып тастау міндетін айқындайды.
Деректерді өңдеу операцияларының жариялылық қағидаты	Заңда жоқ
Жеке деректерді өңдеудің құпиялылық қағидаты	Заңның 11-бабында *“Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді” делінген.*

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы адамның жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығын бекітеді. Сондай-ақ, адамның жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф және басқа хабарламалардың құпиясына құқығы бар екендігі көрсетілген. Алайда, бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

2013 жылдан бастап Қазақстанда арнайы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңы, жұмыс істейді, ол дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Төменде біз 2020 жылдан бастап дербес деректер туралы заңнаманың қалай өзгергенін талдаймыз.

2020-2021 ЖЫЛДАР: ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ӨЗЕКТЕНДІРУ

Қазақстан Республикасының заңнамасы 2020 жылдан 2021 жылға дейін дербес деректерді қорғау саласындағы жаңа нормативтік құқықтық актілермен және ережелермен толықтырылды.

7 шілде 2020 жылы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы"Кодекс заңды күшіне енді, онда "дербес медициналық деректер" ұғымы алғаш рет қолданылған - бұл электрондық, қағаз немесе өзге де материалдық жеткізгіштерде тіркелген жеке тұлғаның денсаулығы және оған көрсетілген медициналық қызметтер туралы мәліметтерді қамтитын дербес деректер.

25 маусым 2020 жылғы № 347-VI ЗРК Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы қабылдануымен дербес деректерді қорғау саласындағы жаңа уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (ҚР ЦДИАӨМ) жанындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне кіретін Дербес деректерді қорғау жөніндегі басқарма құрылды. Басқарма, аты айтып тұрғандай, дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысады.

Дербес деректер саласындағы уәкілетті органды құру дербес деректердің отандық құқықтық институтын дамыту үшін революциялық болып табылады.

Оның функцияларына меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібін әзірлеу; субъектінің немесе оның заңды өкілінің дербес деректер мазмұнының және оларды өңдеу тәсілдерінің оларды өңдеу мақсаттарына сәйкестігі туралы өтініштерін қарау; Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзуға жол берген адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдану; меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан дұрыс емес немесе заңсыз жолмен алынған дербес деректерді нақтылау, бұғаттау немесе жою талаптары; субъектілердің құқықтарын қорғауды жетілдіруге және дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларын бекітуге бағытталған шараларды жүзеге асыру кіреді.

30 желтоқсан 2021 жылы ҚР президенті "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметі, биржалық сауданы дамыту және дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына № 96-VII ЗРК қол қойды, ол келесі рәсімдер мен нормалар енгізді:

- мемлекеттік және мемлекеттік емес дербес деректерге қол жеткізуді бақылау сервистері;
- лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін тіркеу арқылы "дербес деректерге қол жеткізуді бақылау сервисі" қызметін кеңейту.

Дербес деректер субъектілерін хабардар ету туралы мынадай жағдайларда айтылады:

1. Мемлекеттік сервиспен қамтамасыз етіледі:
    a. субъектіні мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған оның дербес деректерімен іс-әрекеттер туралы хабардар ету (қолжетімділік, қарау, өзгерту, толықтыру, беру, бұғаттау, жою);
    b. субъектіні мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған оның дербес деректеріне қол жеткізуге (жинауға және өңдеуге) сұрау салулардың бастамашылары туралы Мемлекеттік сервис арқылы хабардар ету (Заңның 9-бабының 4), 6), 8) және 9-3) тармақшаларында көзделген жағдайларда).
2. Мемлекеттік емес сервиспен қамтамасыз етіледі:
    a. субъектіні оның дербес деректерімен жасалатын әрекеттер туралы хабардар ету;
    b. субъектінің үшінші тұлғалардың оның дербес деректеріне қол жеткізуі туралы хабардар ету;
3. Егер ҚР заңдарында өзгеше көзделмесе, субъектіні оның дербес деректерін үшінші тұлғаға бақылау беру туралы хабардар ету туралы шарт болған кезде он жұмыс күні ішінде субъектіні бұл туралы хабардар етеді.

Алайда, Заңның бірде-бір бабында субъектілерді олардың дербес деректерін заңсыз өңдеу кезінде хабардар ету туралы көрсетілмеген, сонымен бірге олар дербес деректер субъектілерін олардың сыртқа тарап кеткені туралы хабардар ету жөніндегі міндетті орындамаған жағдайда оператордың жауапкершілігінің шегі белгіленбеген.

Дербес деректердің қауіпсіздігін бұзғаны үшін оператордың жауапкершілік шегін және қадағалау органы мен дербес мәліметтер субъектісін хабардар ету міндетін белгілейтін шетелдік нормаларды талдай отырып, осы жұмыстың авторлары жауапкершілік шегін арттыру, атап айтқанда әкімшілік айыппұлдар мөлшерін ұлғайту арқылы дербес деректердің қауіпсіздігін бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қатаңдату қажеттігін атап өтеді. Осылайша, азаматтардың дербес деректері сыртқа тараған кезде туындайтын проблемалардың ауқымдылығын белгілейді.

Бүгінгі күні дербес деректерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның дербес деректерді жинау мен өңдеудің заңдылығы тұрғысынан тексеруге бастамашылық жасау мүмкіндігі болмағандықтан, депутат Е.В.Смышляеваға ҚР ЦДИАӨМ-ге ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес дербес деректер және оларды қорғау туралы ҚР заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттікті беретін түзетуге бастамашы болды.

ЦДИАӨМ-нің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті (АҚК) тек өтініштер мен шағымдар кезінде және бұрын жасалған құқық бұзушылықтар бойынша: дербес деректер үшінші тұлғаларға заңсыз түскен кезде, белгісіз адамдар тобына таратылғанда және т. б. шаралар қолдануға құқылы.

Сонымен қатар, бұған дейін прокуратура органдары ҚР ӘҚБтК-нің 79-бабына сәйкес ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзған кезде құқық бұзушыларды жауапкершілікке тартты, сондай-ақ осы салада осы уақытқа дейін қадағалауды жүзеге асырады.

Бұл ретте прокуратура органдары үшін ҚР Кәсіпкерлік кодексінде жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін мемлекеттік бақылау функциясының болуы талап етілмейді, өз кезегінде мұндай мемлекеттік бақылау функциясы уәкілетті органға (ЦДИАӨМ АҚК) қажет.

Бұл шара азаматтардың дербес деректерін заңсыз жинауға, оларды мәлімделмеген және коммерциялық мақсаттарда пайдалануға жол бермеу, сондай-ақ Ақпараттандыру, Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамада көзделген бұзушылықтардың жолын кесу үшін қажет.

Заң жобасының арқасында ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің айтуынша:

“Жетекшілік ететін салаларға кешенді талдау жүргізу, мемлекеттік базалардағы деректерді өзектендіру, онлайн режимде негізделген және тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін мүмкіндік пайда болады. Сонымен қатар, дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға қойылатын талаптар қатаңдатылатын болады. Ол үшін заң жобасында дербес деректерді жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйелерді

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері деп тану және олардың қорғалуына қойылатын талаптарды арттыру ұсынылады".

Осы Толықтырудың авторы Е.В.Смышляева 2016-2018 жылдар аралығында ҚР ӘҚБтК 79-бабы бойынша прокуратура органдары дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды анықтағанға дейін 0 әкімшілік іс қаралып, 2019 жылы 3 әкімшілік іс қаралғандығымен түзету қажеттілігін негіздеді. Сонымен қатар, ЦДИАӨМ айқындалған сәттен бастап (2020 жылғы маусым) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган осы уақытқа дейін дербес деректер субъектілерінің, яғни азаматтардың 210-нан астам шағымдарын қарады (дербес деректерді жалпыға қолжетімді интернет-ресурстармен жариялау, мысалы adata.kz, fa-fa.kz, kompra.kz; мессенджерлердің әртүрлі топтарында дербес деректерді заңсыз тарату және субъектілерінің келісімінсіз және олардың жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді пайдалану және т.б.), оның 157-сі қанағаттандырылды.

Алайда, заңнамада қайшылықтардың болуына және дербес деректерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау қызметінің болмауына байланысты 50-ден астам шағым қанағаттандырусыз қалды. Жоғарыда көрсетілген жауапкершілік шаралары субъектілердің дербес деректерін қорғау саласындағы тәуелсіз мамандандырылған орган болған кезде тиісті түрде қолданылуы мүмкін, оның өкілеттігі шеңберінде дербес мәліметтерді бақылаушының іс-әрекетін бақылау және дербес деректер туралы заңның бұзылуы анықталған кезде тергеу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, жұмыс авторлары Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауға өкілеттік беру азаматтарға өзінің деректерінің сыртқа тарап кетуі туралы хабардар болуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Дербес деректерді қорғауды дамыту мақсатында, сондай-ақ осы нормаларды сақтамағаны үшін жауапкершілік шегін қоса алғанда, дербес деректер сыртқа тарап кеткен жағдайда оператордың қазақстандықтарды хабардар ету міндеті белгіленетін ҚР тиісті нормаларына өзгерістер енгізу жолымен азаматтардың дербес деректерінің сыртқа тарап кетуі туралы хабардар болуын арттыру қажет.

"ДДжҚ туралы" Заңның 27-1-бабына сәйкес, уәкілетті орган өз құзыреті шегінде ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзуға жол берген адамдарды ҚР заңдарында белгіленген жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдайды. Бұл ретте, жоғарыда аталған заңнаманың 28-бабына сәйкес прокуратура органдары дербес деректерді қорғау саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Әрине, жоғарыда аталған түзетулерде азаматтардың дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар оң құқықтық нормалардың болуын құптаған жөн. Осылай, "ДДжҚ туралы" Заңның 14-бабында бекітілген *"Деректерді жинау және өңдеу мақсаттарының айқындылығы қағидатын"түсіндіруді бұрын қолданыста болған редакциямен салыстырғанда кеңейтілген бекіту нормасы ерекше назар аударуға лайық. Осы Заңның 7-бабына толықтырулар "дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала*

белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектелуі тиіс. Дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді. Осылайша, ұлттық заңнамада алғаш рет "деректерді азайту" халықаралық қағидаты бекітілді.

Соңғы уақытқа дейін азаматтардың дербес деректері сыртқа тарап кеткен жағдайда зиян келтіру тәуекелдерін азайтуға бағытталған көптеген ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қамтамасыз ету операторлардың өздеріне қалдырылып келді.

18 қаңтар 2020 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің № 12 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар", қаулысымен, "Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидалары" жаңа редакциясын бекітті, олар меншік иесінің және (немесе) оператордың дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамды тағайындау арқылы Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын сақтау міндетін бекіткен.

Одан өзге, Казақстан Республикасы Үкіметінің 30 сәуір 2021 жылғы № 285 қаулысымен, дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету жөніндегі жоғарыда көрсетілген қағидалар меншік иесі мен оператордың "қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді сақтау, өңдеу және тарату процестерінің қорғалуын қамтамасыз етуді зерттеуді" жүзеге асыру үшін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдаланатын, сақтайтын, өңдейтін және тарататын ақпараттандыру объектілеріне мемлекеттік техникалық қызметке қол жеткізуді ұсыну міндетімен толықтырылды.

2022 ЖЫЛ: ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ СЫРТҚА ТАРАП КЕТУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ РӘСІМІ

Жоба сарапшылары шақырылған сарапшылар ретінде құпиялылық саласындағы бірнеше жұмыс кездесулеріне қатысты.

2022 жылғы 22 және 28 сәуірде Парламент Мәжілісінің депутаты Е.В.Смышляеваның төрағалығымен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыру мен ақпараттық қауіпсіздікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы бойынша жұмыс тобының отырыстары өтті.

Осындай сыртқа тарап кетудің салдарын барынша азайту үшін қажетті дербес деректердің сыртқа тарап кетуі кезінде жедел әрекет ету мәселелері заңнамалық реттелмегендіктен, сондай-ақ осы жағдайларда кешенді жұмыс жүргізудің маңыздылығын түсіне отырып, заң жобасының авторлары меншік иесі және (немесе) оператор үшін уәкілетті органның хабардар етуі бойынша міндеттемелер белгілеуді ұсынды.

Заң жобасын талқылау шеңберінде ЦДИАӨМ АҚК Дербес деректерді қорғау басқармасы “ДДжҚ туралы” ҚРЗ-ның 25-бабын мынадай редакцияда толықтыруға бастамашылық жасады:

“11) уәкілетті органды дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректерін көрсете отырып, дербес деректердің сыртқа тарап кеткені туралы екі жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті”.

Өз кезегінде, жоба сарапшылары жоғарыда аталған жаңашылдықты тұжырымдамалық түрде қолдай отырып, заң шығарушылардың назарын General Data Protection Regulation (GDPR, Деректерді қорғаудың жалпы регламенті) “Қадағалау органын дербес деректердің қауіпсіздігінің бұзылуы туралы хабардар ету” дербес деректерді өңдеу жөніндегі меншік иесі мен оператордың талаптарын бекіту қажеттілігі бөлігінде - “дербес деректердің қауіпсіздігін кез келген бұзушылықтарды, оның ішінде олардың мән-жайларын, салдарын және жағдайды түзету үшін қабылданған шараларды құжаттау”.

Ұлттық тұжырымдамалық аппаратта “сыртқа тарап кету” анықтамасы болмағандықтан, депутаттар бұл норманы пысықтауға қайтарды. Жұмыс тобының келесі отырысында тиісті мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін депутаттарға талқылауға “сыртқа тарап кету” сөзі “дербес деректердің қорғалуының бұзылуы” деген сөзбен ауыстырылған 25-бапқа толықтырудың пысықталған редакциясы ұсынылды, мынадай редакцияда:

“11) уәкілетті органды дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректерін көрсете отырып, дербес деректерді қорғаудың анықталған бұзушылықтары туралы екі жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті”.

Алайда сарапшылар 2013 жылғы 21 мамырдағы “ДДжҚ туралы” Заңның 1-бабының 11) тармағына назар аударды, ол *“дербес деректерді қорғауды осы Заңда белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені ретінде”* айқындайды. Осылайша, ұсынылған редакцияның мағынасына сәйкес, жоғарыда аталған шаралардың кез келген бұзылуы уәкілетті органды хабардар етуді көздейді, бұл ауыртпалықты және артық шара болып табылады.

Осыған байланысты, сарапшылар ЦДИАӨМ АҚК Дербес деректерді қорғау басқармасы ұсынған “сыртқа тарап кету” анықтамасын қолдады, атап айтқанда:
“дербес деректердің сыртқа тарап кетуі - дербес деректердің кездейсоқ немесе заңсыз таралуына, өзгеруіне, толықтырылуына, пайдаланылуына, иесіздендірілуіне, бұғатталуына және жойылуына немесе қол жеткізілуіне әкеп соғатын дербес деректердің қауіпсіздігін бұзу”.

Сайып келгенде, реттеушіге жеке деректердің бұзылуы туралы хабарлау рәсіміне қатысты тиісті өзгерістер 2022 жылғы 14 шілдеде қабылданған заңға енгізілмеген.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазақстан Республикасында дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі-ҚР ӘҚБтК) 79-бабы “Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын бұзу және оларды қорғау” 21 мамыр 2013 жылғы N 94-V Қазақстан Республикасының “Дербес деректер және оларды қорғау туралы” Заңын (бұдан әрі - “ДДжҚ туралы” ҚРЗ) бұзған адамдар тартылуы тиіс жауапкершілікті көздеген. Осы бапта құқық бұзушының жауапкершілік шектері көрсетілген, бұл туралы төменде көрсетілген кестеде толығырақ көрсетілген.

ҚР ӘҚБтК 79-бабының 1-бөлігі
Дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса:

Субъект-бұзушы	Айыппұл көлемі (2022 жылға АЕК-те)	Айыппұл көлемі (2022 жылға теңгемен)
Жеке тұлғалар (ЖТ)	10	30 630
Лауазымды тұлғалар, жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары (ЖСО), адвокаттар, шағын кәсіпкерлік субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар (КЕҰ)	20	61 260
Орта кәсіпкерлік субъектілері	30	91 890
Ірі кәсіпкерлік субъектілері	70	214 410

ҚР ӘҚБтК осы бабының 2-бөлігі Егер осы әрекеттер заңда белгіленген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, меншік иесі, оператор немесе үшінші тұлға өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл осы іс-әрекеттер:		
ЖТ	50	153 150
Лауазымды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері, (КЕҰ)	75	229 725
Шағын кәсіпкерлік субъектілері	100	306 300
Ірі кәсіпкерлік субъектілері	200	612 600
ҚР ӘҚБтК осы бабының 3-бөлігі Меншік иесінің, оператордың немесе үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды сақтамауы, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса:		
ЖТ	50	153 150
Лауазымды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері, (КЕҰ)	100	306 300
Шағын кәсіпкерлік субъектілері	150	459 450
Ірі кәсіпкерлік субъектілері	200	612 600
ҚР ӘҚБтК осы бабының 4-бөлігі Егер осы іс-әрекеттер заңда белгіленген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, дербес деректердің жоғалтуға, заңсыз жинауға және (немесе) өңдеуге әкеп соққан іс-әрекет:		
ЖТ	200	612 600
Лауазымды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері, (КЕҰ)	500	1 531 500
Шағын кәсіпкерлік субъектілері	700	2 144 100
Ірі кәсіпкерлік субъектілері	1 000	3 063 000

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

“ДДжҚ туралы” ҚРЗ бұзатын құқыққа қайшы әрекеттер үшін жауапкершілік тек ҚР ӘҚБтК-де ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚК), атап айтқанда:

- 3-тарау “Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар” 147-бап “Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу”;
- 7-тарау “Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар” 211-бап “Қолжетімділігі шектеуген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату”.

Төмендегі кестеде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалар қарастырылған.

ҚР ҚК 147-бабы
Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу

Баптың бөлігі	Жаза					
	айыппұл (АЕК-те және теңгемен)	Түзету жұмыстары	Қоғамдық жұмыстар	Бас бостандығын шектеу	Бас бостандығынан айыру	Атимия[1]
1-бөлігі Дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды қолдану міндеті жүктелген адамның мұндай шараларды сақтамауы, егер бұл іс-әрекет адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе	3 000 АЕК / 9 189 000 теңге	3 000 АЕК / 9 189 000 теңге	600 сағат	2 жыл	2 жыл	3 жылға дейін

[1] Атимия (гр. atimia) - Ежелгі Грецияда азаматтық құқықтардан толық немесе ішінара айыру. Атимия соттың белгілі бір теріс қылықтар мен қылмыстар үшін жазалауы салдарынан болды немесе мемлекетке қатысты белгілі бір міндеттерді орындамауынан тікелей туындады, Үлкен заң сөздігі, күні: 27 қыркүйек 2022 жыл, дереккөз:
https://jurisprudence.academic.ru/7743/%D0%90%D1%82%D0%B8%D0%BC%D0%B8%D1%8F
Бұл құжатта “атимия” термині қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жазаның анықтамасын қысқарту үшін қолданылады: “белгілі бір лауазымға орналасу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру” (ҚР ҚК 40-бабы 3-тармағы 3-тармақшасы)

2-бөлігі Адамның жеке немесе отбасылық құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу (таратуды қоспағанда) нәтижесінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру	5 000 АЕК / 15 315 000 теңге	5 000 АЕК / 15 315 000 теңге	800 сағат	3 жыл	3 жыл	х
3-бөлігі Осы баптың 2-бөлігінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын немесе ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып не электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйеге заңсыз кіру немесе телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты заңсыз ұстап қалуы арқылы не өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында жасаған, сол сияқты адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осындай қызметке кедергі жасау немесе кек алу мақсатында осы адамға немесе оның жақындарына қатысты жасалған іс-әрекеттер	х	х	х	х	5 жыл	х
4-бөлігі Адамның жеке немесе отбасылық құпиясын құрайтын жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз тарату не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу нәтижесінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру	х	х	х	х	3-тен 6 жылға дейін	х

5-бөлігі Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әрекеттерді көпшілік алдында сөйлеген сөзде, көпшілікке көрсетілетін шығармада, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, оның ішінде Интернет арқылы, сол сияқты адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осындай қызметке кедергі жасау немесе сол үшін кек алу мақсатында осы адамға немесе оның жақындарына қатысты жасау	x	x	x	x	3-тен 7 жылға дейін	x

ҚР ҚК 211-бабы
Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату

Баптың бөлігі	Жаза						
	Айыппұл (АЕК-те және теңгемен)	Түзету жұмыстары	Қоғамдық жұмыстар	Тұтқындау	Бас бостандығын шектеу	Бас бостандығынан айыру	Атимия
1-бөлігі Азаматтардың дербес деректерін немесе Қазақстан Республикасының заңдары немесе олардың меншік иесі немесе иеленушісі қолжетімділікті шектеген өзге де мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату	200 АЕК / 612 600 теңге	200 АЕК / 612 600 теңге	180 сағат	50 тәулік үш жылға дейінгі мерзімге немесе онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен	x	x	3 жылға дейін

2-бөлігі Мынадай: 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 2) пайдакүнемдік ниетпен; 3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет	x	x	1 200 сағат	x	5 жыл	5 жыл	3 жылға дейін
3-бөлігі Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген: 1) қылмыстық топ жасағаны; 2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер	x	x	x	x	x	3-тен 7 жылға дейін	5 жылға дейін

ЕУРОПА ОДАҒЫ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дербес деректерді қорғау жөніндегі прогрессивті елдердің құқықтық жүйесі Еуропалық Одақтың дербес деректерін қорғаудың Жалпы регламентіне (GDPR) негізделеді, өйткені бұл регламент бүкіл Еуропа бойынша дербес деректерді өңдеу тәсілдеріне түбегейлі өзгерістер енгізу мақсатында әзірленген.

GDPR заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілейді.

GDPR 83-бабының 4-тармағына сәйкес, дербес деректерді қорғаудың қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету шараларын сақтамағаны үшін және субъектіні хабардар етпегені үшін — 10 000 000 еуроға дейін, шаруашылық жүргізуші субъект жағдайында-өткен қаржы жылындағы жалпы жылдық әлемдік айналымның 2% - на дейін, қайсысы жоғары болса, әкімшілік айыппұл салынады. Еуропалық Одақ елдерінде жоғарыда айтылған әрекеттер үшін әкімшілік жауапкершілік шегі 20 000 000 еуроны немесе жалпы жылдық әлемдік айналымның 4% құрайды, бұл дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жоғары маңыздылығын көрсетеді. Бұл тәсіл дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нормалардың бұзылуының тиімді алдын алуға ықпал етеді.

Шет елдердегі қылмыстық жауапкершілікке қатысты жауапкершілік шегі ұлттық заңнамаға сәйкес белгіленеді. Мәселен, Францияның 6 қаңтар 1978 жылғы № 78-17 “Деректерді қорғау туралы” Заңының 41-бөліміне сай, жеке тұлғалардың жеке өмірін бұзатын дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды сақтау қағидаларын орындамаған адам алты айдан бес жылға дейінгі мерзімге қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Мұндай қылмыстар үшін жауапкершілікке байқаусызда немесе абайсызда жеке деректерді жариялаған немесе жария етуге рұқсат берген адамдар да тартылады.

Еуропалық Одақ елдерінде GDPR 58-бабы 2-тармағының i) тармақшасына сәйкес қадағалау орган дербес деректерді сыртқа таратқаны үшін әкімшілік айыппұлдарды салуға уәкілетті. Мұндай қадағалау органының рөлі GDPR 51-бабында белгіленген. Қадағалау органдары тергеу және түзету өкілеттіктері арқылы деректерді қорғау туралы Заңның қолданылуын бақылайтын тәуелсіз мемлекеттік органдар болып табылады. Олар деректерді қорғау бойынша Сараптамалық кеңес береді және GDPR және тиісті ұлттық заңдарды бұзғаны үшін берілген шағымдарды қарастырады. ЕО-ға мүше әрбір мемлекетте жеке тұлғалардың өңдеуге қатысты іргелі құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ ЕО аумағында дербес деректердің еркін қозғалысын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында GDPR қолдану мониторингі үшін жауапты осындай бір қадағалау органы бар. Мысалы: Болгариядағы дербес деректерді қорғау жөніндегі Комиссия, Хорватияның дербес деректерді қорғау агенттігі, Франциядағы деректерді қорғау жөніндегі Омбудсмен басқармасы, Испанияның деректерді қорғау ұйымы және т. б.

М. Ю. Брауде-Золотарев “Мемлекеттік ақпараттық ресурстардағы дербес деректер” еңбегінде, дербес деректерді өңдеуді бақылау саласындағы уәкілетті органның құқықтық режимін реформалауға” дербес деректерді бақылау – қадағалау – қорғау” желісі бойынша ғана қызметпен айналысатын жаңа мемлекеттік билік органын енгізуге жол беріледі деп атап көрсетеді.

Оператордың дербес деректерді өңдеу жөніндегі маңызды міндеттерінің бірі субъектілердің дербес деректерінің қауіпсіздігі мен сақталуын қадағалауға уәкілетті органды хабардар ету болып табылады. Мұндай органды дербес деректермен іс-әрекеттер жасалғанға дейін хабардар ету Еуропалық Қоғамдастықтың № 95/46/ЕО Директивасында, атап айтқанда 18-бапта көзделген, онда оператор немесе оның өкілі бір мақсатқа немесе бірнеше байланысты мақсаттарға қызмет етуге арналған операцияларды өңдеу бойынша кез келген толық немесе ішінара автоматтандырылған операцияны жүзеге асыру алдында қадағалау органына хабарлауы тиіс делінген.

Аталған міндетті орындамау ауыр айыппұлмен жазалануы немесе тіпті ауыр қылмыс ретінде қарастырылуы мүмкін (мәселен, Ұлыбританияда, Италияда, Нидерландыда, Францияда).

GDPR-ға сай, қадағалау органының жеке деректердің кез келген сыртқа тарап кетуі туралы хабардар етуі негізсіз кідіріссіз және мүмкіндігінше, оқиға “жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіруі екіталай” жағдайларды қоспағанда, бұл белгілі болғаннан кейін 72 сағат ішінде жүзеге асырылуы керек. Хабарламада бұзушылық туралы белгілі бір ақпарат, соның ішінде тиісті деректер субъектілерінің санаттары мен шамамен саны, сондай-ақ бұзушылықтың ықтимал салдары көрсетілуі керек (GDPR 33-бабы). Сол сияқты, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, дербес деректердің жекелеген субъектілері хабардар етілуге тиіс, бұл хабарламада қадағалау органына хабарлау қажет ақпарат болуы тиіс (34-бап).

Шет елдердің тәжірибесінде дербес деректердің құқықтарын қорғауды тиімді қамтамасыз етуге ықпал ететін дербес деректерді бақылаушыны жауапкершілікке тарту бойынша өзге тәсіл байқалады. Еуропалық Одақ елдерінде GDPR-ға сәйкес әрбір мүше мемлекетте қадағалау өкілеттіктерін жүзеге асыратын және Регламенттің қолданылуын бақылауға жауапты бір немесе бірнеше тәуелсіз мемлекеттік органдар болуы тиіс. Атап айтқанда, мұндай қадағалау органдары тәуелсіз. Мына істе C-518/07, КОМИССИЯ V. ГЕРМАНИЯ, 9 наурыз 2010 ж., Еуропалық сот тәуелсіздік мүдделі органның ешқандай нұсқаусыз немесе қысымсыз толығымен еркін әрекет етуін қамтамасыз ететін мәртебені білдіретінін түсіндірді. Тәуелсіздік талабы тек қадағалау органдары мен осы қадағалауға жататын органдар арасындағы қатынастарға қатысты емес. “Толық” сын есімі қадағалау органына, оның ішінде мемлекет тарапынан кез келген тікелей немесе жанама сыртқы ықпалдан тәуелсіз және еркін шешім қабылдау өкілеттігін білдіреді.

Мысалы, Ирландияда деректерді қорғау жөніндегі Комиссия осындай қадағалау органы болып табылады. Бұл Комиссия GDPR-дың сақталуын қадағалайды және қамтамасыз етеді; деректерді өңдеуге қатысты ережелер мен құқықтар туралы жұртшылықты хабардар етуге ықпал етеді; деректерді қорғау мәселелері бойынша үкіметке кеңес береді; бақылаушылар мен өңдеушілердің өз міндеттері туралы хабардарлығын арттырады; деректерді қорғау туралы заңның сақталуына байланысты шағымдарды қарайды және тергеулер жүргізеді.

Сондай-ақ, Комиссия кез-келген бақылаушыға немесе өңдеушіге Ереженің сақталуын бағалау үшін билік талап ететін ақпаратты ұсынуға бұйрық беруге құқылы. Ол бақылаушылар мен өңдеушілерге қатысты тексерулер жүргізе алады, соның ішінде бақылаушының немесе өңдеушінің үй-жайларына қол жетімділік кіреді.

117 GDPR кіріспесіне сәйкес, қадағалау органына толық дербестік негізінде өз өкілеттіктерін орындау құқығы берілуі керек. Нидерландының деректерді қорғау жөніндегі қадағалау органының Нидерланды сыртқы істер министрлігіне 565 000 еуро көлемінде айыппұл салуы айқын дәлел болып табылады. Тергеу барысында Нидерланды деректерді қорғау жөніндегі қадағалау органы Ұлттық визалық ақпараттық жүйенің қауіпсіздіктің елеулі кемшіліктерінен зардап шегетінін анықтады, ал Нидерланды сыртқы істер министрлігі жылына орта есеппен 530 000 виза алуға өтініш берді. Нидерланды деректерді қорғау жөніндегі қадағалау органы өтінішті қарау барысында өңделетін дербес деректер жеткілікті қорғалмағанын мәлімдеді. Тергеу барысында бұл орган Нидерланды сыртқы істер министрлігі визалық жүйедегі қауіпсіздік кемшіліктері туралы білетіндігін, алайда қауіпсіздікті түзету бойынша шаралар қабылдамағанын анықтады. Осылайша, жоғарыда көрсетілген тәжірибе қадағалау органының тәуелсіздігін, дербестігін куәландырады, өйткені ол дербес негізде тергеу жүргізе отырып, дербес деректердің қауіпсіздігін бұзғаны үшін мемлекеттік биліктің жоғары органдарының бірін жауапқа тартты.

2020 жылы Гамбургтің деректерді қорғау Басқармасы GDPR 5 және 6-баптарына сәйкес полиция қызметкеріне 400 еуро сомасында айыппұл салды, өйткені соңғысы жеке деректері бар ресми презентацияны суретке түсіріп, оны whatsarr топтық чатында бөліскен. Сондай-ақ, 2022 жылдың 4 сәуірінде болған Грек деректерді қорғау органы GDPR 5 (A) бабы негізінде әкімге 5000 еуро сомасына айыппұл салған оқиға белгілі болды. Бұл жоғары лауазымды тұлға Муниципалитет қызметкерінің құжаттарын оның келісімінсіз үшінші тұлғаларға жіберген.

ГРУЗИЯДАҒЫ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІ

Грузияда жаңа заң шығару бастамасы шеңберінде 28.12.2011 ж. №5669-რს "Дербес деректерді қорғау туралы" Грузия Заңына "оқиға" ұғымын белгілеу жоспарлануда. Оқиғаның анықтамасы келесідей ашылады: "деректер қауіпсіздігінің нақты бұзылуы немесе ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын және деректерді заңсыз немесе рұқсатсыз жария етуді, зақымдауды, жоюды, жоғалтуды, Өзгертуді, рұқсатсыз қол жеткізуді, жинауды/алуды тудыратын немесе әкеп соғуы мүмкін және деректер субъектісінің құқықтары мен/немесе мүдделеріне зиян келтіретін немесе қауіп төндіретін осындай бұзушылықтың ықтимал қаупі".

"Сартқа тарап кету" ұғымының бекітілуіне байланысты Грузияның дербес деректерді қорғау туралы Заңының 29 және 30-баптарын өзгерту жоспарлануда.

29-бап "Оқиға (деректердің сыртқа тарап кетуі) туралы Мемлекеттік инспекторлық қызметке хабарлау міндеті":

1. Деректерді бақылаушы/өңдеуші оқиғаны, оның нәтижелерін және оқиғаны шешу үшін қабылданған шараларды тіркеуге және оқиға анықталғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей, оқиға адамға зиян келтіруі немесе оның құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы екіталай жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік инспектор айқындаған тәртіппен мемлекеттік инспектор қызметіне бұл туралы жазбаша немесе электрондық нысанда хабарлауға міндетті.
2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:
   a. оқиғаның мән-жайы, түрі және уақыты туралы;
   b. оқиға нәтижесінде заңсыз ашылған, бүлінген, өшірілген, жойылған, алынған, жоғалған немесе өзгертілген деректердің болжамды санаттары мен көлемі, сондай-ақ оқиға нәтижесінде қауіп төнген деректер субъектілерінің болжамды санаттары мен саны;
   c. оқиға келтірген болжамды залал, оны азайту немесе жою үшін деректерді бақылаушы немесе өңдеуші қабылдаған немесе жоспарлаған шаралар;
   d. деректерді бақылаушы немесе өңдеуші осы Заңның 30-бабында белгіленген тәртіппен оқиға туралы деректер субъектісіне/субъектілеріне хабарлауды жоспарлап отыр ма және қандай мерзімдерде;
   e. дербес деректерді қорғау жөніндегі уәкілдің немесе өзге байланыс тұлғасының байланыс деректері.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген ақпаратты толық және бірден беру мүмкін болмаған жағдайда, деректерді бақылаушы немесе өңдеуші Мемлекеттік инспекциямен келісу бойынша ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде ақпаратты кезең-кезеңімен беруге құқылы.
4. Егер хабарламаға сәйкес бақылаушы оқиғаның мән-жайын, болжамды залалды және/немесе деректер субъектілерінің санын ескере отырып, деректер субъектісіне(субъектілеріне) ақпарат бермесе немесе бере алмаса, мемлекеттік инспектор деректерді бақылаушының осы Заңның 30-бабында көзделген міндетті атқаратынына қарамастан, оқиға туралы ақпаратты жариялауға уәкілетті болады.

30-бап "Оқиға туралы деректер субъектісін хабардар ету міндеті":

1. Егер оқиға деректер субъектісіне елеулі зиян келтіруі немесе оның негізгі адам құқықтарына қауіп төндіруі мүмкін болса, деректерді бақылаушы оқиға анықталғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде, бірақ 1 айдан кешіктірмей оқиға туралы деректер субъектісіне хабарлауға және оған түсінікті және қарапайым тілде келесі ақпаратты беруге міндетті:
   a. оқиғаның және онымен байланысты жағдайлардың жалпы сипаттамасы;
   b. оқиғадан туындауы мүмкін/сөзсіз залал, залалды азайту немесе жою үшін қабылданған немесе жоспарланған шаралар;
   c. дербес деректерді қорғау жөніндегі уәкілдің немесе өзге тұлғаның байланыс деректері.
2. Тиісті жазбаша негіздеме болған кезде осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзім мемлекеттік инспектордың келісімі бойынша 1 айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.
3. Егер деректер субъектісін хабардар ету пропорционалды емес үлкен шығындарды немесе күш-жігерді талап етсе, деректерді бақылаушы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты жария түрде немесе деректер субъектілерінің ақпарат алу мүмкіндігін жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ететін өзге де нысанда таратуға міндетті.
4. Осы бапта көзделген оқиға туралы деректер субъектісін хабардар ету жөніндегі міндеттеменің орындалуын дәлелдеу ауыртпалығы деректер бақылаушысына артылған.

Дербес деректердің сыртқа тарап кетуі бойынша грузин және қазақстандық заңнамалық бастамалар арасындағы негізгі айырмашылықтар:

Грузия	Қазақстан
Реттеушіні 72 сағат ішінде хабардар ету	Реттеушіні екі жұмыс күні ішінде хабардар ету
Реттеушіге хабарлама мыналарды қамтуы тиіс: • оқиғаның мән-жайы, түрі және уақыты; • дербес деректердің санаттары мен көлемі, дербес деректер субъектілерінің саны; • болжамды залал, қабылданған шаралар; • субъектілерді хабардар ету жөніндегі жоспар; • байланыс деректері.	Хабарламада мыналар болуы керек: • дербес деректердің сыртқа тарап кету фактісі; • дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері.
Дербес деректер субъектілерін хабардар ету	Заң жобасында болған жоқ

Қазақстанда 2022 жылы “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыру мен ақпараттық қауіпсіздікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң жобасы шеңберінде “сыртқа тарап кету” ұғымын, реттеушіні хабардар ету мерзімдерін енгізу туралы бастама көтерілді. Бұл туралы толығырақ “2022 жыл: дербес деректердің сыртқа тарап кетуі туралы хабарлау рәсімі” бөлімінде танысуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТЕР

Соңғы екі жылда заңнамалар белсенді түрде өзектендірілуде, Дербес деректер субъектілерінің құқықтары, оның ішінде реттеушіні күшейту призмасы - ҚР ЦДИАӨМ АҚК дербес деректерді қорғау Басқармасы арқылы күшейтілуде.

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, заңнаманы одан әрі жетілдіру қажет, атап айтқанда:

Кеңес	Негіздеме
Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауға өкілеттік беру.	Дербес деректерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның дербес деректерді жинау мен өңдеудің заңдылығы тұрғысынан тексеруге бастамашылық жасау мүмкіндігі жоқ.
“ДДжҚ туралы” Заңда “дербес деректердің сыртқа тарап кетуі” ұғымын айқындау және көздеу.	Заңнамада көзделген “дербес деректердің сыртқа тарап кетуі” ұғымы келесі мақсаттар үшін қажет: • оператор және (немесе) меншік иесі тарапынан дербес деректердің сыртқа тарап кетуіне жол берілген жағдайда ӘҚБтК және ҚК нормаларын дұрыс қолдану; • Дербес деректер субъектісінің дербес деректер сыртқа тарап кеткен жағдайда материалдық немесе моральдық зиянды өтеу құқығын іске асыру.
Дербес деректер сыртқа тарап кеткен жағдайда заңда реттеушіні хабардар ету тәртібі мен рәсімін көздеу.	Мақсаттар үшін қажет: • Дербес деректер субъектілерінің зиянын азайту; • реттеуші тарапынан дербес деректер субъектілерін қорғау жөнінде жедел шаралар қолдану.
Дербес деректер сыртқа тарап кеткен жағдайда меншік иелерінің және (немесе) операторлардың реттеушіні хабардар ету жөніндегі міндетін көздеу.	“ДДжҚ туралы” Заңның 25-бабында көзделген дербес деректер сыртқа тарап кеткен жағдайда оператордың және (немесе) меншік иесінің реттеушіні хабардар ету жөніндегі міндеттемесі. Міндеттемені бұзу заңнамада көзделген жауапкершілікті қамтуға тиіс.
Деректері заңсыз таратылған дербес деректер субъектілерін хабардар ету тәртібі мен рәсімін заңда көздеу деректері заңсыз таратылған дербес деректер субъектілерін хабардар ету туралы меншік иелерінің және (немесе) операторлардың міндетін көздеу.	“ДДжҚ туралы” Заңның 25-бабында көзделген оператордың және (немесе) меншік иесінің дербес деректер субъектілерін хабардар ету жөніндегі міндеттемесі. Міндеттемені бұзу заңнамада көзделген жауапкершілікті қамтуға тиіс.